

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства**

**Құбырды санациядан кейін телевизиялық
инспекциялық тексеру жөніндегі жұмыстар
өндірісінің**

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА

**производства работ по телевизионному
инспекционному обследованию трубопровода после
санации**

ТК 4.01-05-2011

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства
и жилищно-коммунального хозяйства**

Астана 2011

ТК 4.01-05-2011. Технологиялық карта
ТК 4.01-05-2011. Технологическая карта

Алғы сөз

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН** «ҚазҒЗСТҚСИ» РМК және ОАО «ОРГСТРОЙ»
- 2. ҰСЫНҒАН** ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті
- 3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ** ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің 29.12.2011 жылғы №536 бұйрығымен 01.05.2012 жылдан бастап
- 4. ОРНЫНА** алғашқы рет

Предисловие

- 1. РАЗРАБОТАНЫ** РГП «КазНИИССА» и ОАО «ОРГСТРОЙ»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ** Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
- 3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Агентства РК по делам строительства и ЖКХ от 29.12.2011 года №536 с 01.05.2012 года
- 4. ВЗАМЕН** впервые

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

1 Қолданылу саласы.....	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Жалпы ережелер.....	3
4 Қолданылатын машиналар мен механизмдердің сипаттамалары.....	3
5 Жұмыстардың өндірісінің ұйымдастырылуы мен технологиясы	6
6 Материалды-техникалық ресурстардың қажеттілігі	15
7 Жұмыстың сапасына қойылатын талаптар.....	17
8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау	19
9 Еңбек шығындарын калькуляциясы.....	23

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

ҚҰБЫРДЫ САНАЦИЯДАН КЕЙІН ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ИНСПЕКЦИЯЛЫҚ ТЕКСЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАР ӨНДІРІСІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

Еңгізу мерзімі 2012.05.01

1 Қолданылу саласы

1.1 Құбырды санациядан кейін телевизиялық инспекциялық тексеру жөніндегі жұмыстардың өндірісінің технологиялық картасы (одан әрі мәтін бойынша – құбырлардың телеинспекциясы) қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер (НҚА) мен нормативтік-техникалық құжаттардың (НТҚ) талаптарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдану үшін тағайындалған.

1.2 Технологиялық карта құрылыс жұмыстарының ұйымдастырылуы, технологиясы және механизациясы бойынша құрылысты ұтымды шешімдермен камтамасыз ету үшін тағайындалған.

1.3 Технологиялық картада «Risco» тұрпатты роботты-техникалық кешенді қолдану арқылы құбырларды телевизиялық инспекциялық тексеру процесі қарастырылады.

1.4 Технологиялық картада мыналар келтірілген:

- қолданылу саласы;
- нормативтік сілтемелер;
- қолданылатын машиналар мен механизмдердің сипаттамалары;
- жұмыстардың өндірісінің ұйымдастырылуы мен технологиясы;
- материалды-техникалық ресурстардың қажеттілігі;
- жұмыстың сапасына қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарын калькуляциясы.

1.5 Еңбек тәртібі технологиялық картада жұмыс орнын тиімді ұйымдастыру арқылы еңбек процестерінің атқарылуының ұтымды қарқыны, еңбекті бөлу, кемелденген саймандар мен мүкамалдарды қолдану есебімен бригада жұмысшыларының арасында міндеттердің нақты бөлінісі шартымен қабылданды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы технологиялық картада мынадай НҚА, НТҚ және басқа да құжаттарға сілтемелер қолданылған:

8.02.2006 жылғы Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрінің №35 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы Өрт қауіпсіздігі қағидалары

1.03-05-2001 ҚР ҚНЖЕ	Құрылыста еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.
1.03-06-2002* ҚР ҚНЖЕ	Құрылыстық өндіріс. Кәсіпорындар, ғимараттар мен іргетастардың құрылыстарын ұйымдастыру.
3.05.04-85* ҚНЖЕ	Сыртқы желілер мен сумен жабдықтау және кәріз іргетастары.
12.1.004-91 МСТ	ЕҚСЖ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.
12.1.013-78 МСТ	ЕҚСЖ. Құрылыс. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар
12.1.046-2002 МСТ	Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары.
12.3.009-76 МСТ	ЕҚСЖ. Тиеу-түсіру жұмыстары. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары.
12.4.010-75 МСТ	ЕҚСЖ. Жеке қорғану құралдары. Арнайы қолғаптар. Техникалық шарттары.

12.4.011-89 МСТ	ЕҚСЖ. Жұмыс істеушілердің қорғану құралдары. Жалпы талаптар мен жіктелуі.
12.4.026-76 МСТ	ЕҚСЖ. Белгі беру түстері және қауіпсіздік белгілері.
12.4.028-76 МСТ	ЕҚСЖ. «Жапырақ» ШБ-1 респираторлары. Техникалық шарттары.
12.4.087-84 МСТ	ЕҚСЖ. Құрылыс. Құрылыс каскалары. Техникалық шарттары.
12.4.100-80 МСТ	Улы емес шаңнан, механикалық әсерлерден және жалпы өндірістік ластанулардан қорғануға арналған ерлер комбинезондары. Техникалық шарттары.
1868-88 МСТ	Техникалық және шаруашылық жіптер. Техникалық шарттары.
2838-80 МСТ	Гайка кілттері. Жалпы техникалық шарттары.
5375-79 МСТ	Қалыпты резеңке етіктері. Техникалық шарттары.
10597-87 МСТ	Бояу қылқаламдары мен щеткалары. Техникалық шарттары.
20558-82 МСТ	Болатталған мырышталған ыдыс-шаруашылық бұйымдары. Жалпы техникалық шарттары.
23407-78 МСТ	Құрылыс аландары мен құрылыс-монтаждық жұмыстардың өндіріс учаскелерінің инвентарлы қоршаулары. Техникалық шарттары.
23732-79 МСТ	Бетондар мен ерітінділерге арналған су. Техникалық шарттары.

Электроқондырғылардың орналастырылу қағидалары ЭОҚ (Алматы, 2008)

Осы технологиялық картаны қолданған жағдайда ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын Сәулет, қала салу және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативті-техникалық құжаттардың тізімі бойынша НҚА мен НТҚ, сондай-ақ ағымдағы жылда жарияланған сәйкес ақпараттық сілтемелер бойынша күшіне енген НҚА мен НТҚ қолданылуын тексеру қажет.

Егер сілтемеленген НҚА мен НТҚ алмастырылған (өзгертілген) болса, онда осы технологиялық картаны қолданған кезде алмастырылған (өзгертілген) НҚА мен НТҚ басшылыққа алу қажет.

Егер сілтемеленген НҚА мен НТҚ алмастырылмай күшін жойса, онда оларға сілтеме берілген ереже бұл сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 Жалпы ережелер

3.1 «Riso» тұрпатты роботты-техникалық кешеннің көмегімен құбырларды телеинспекциялау ішкі диаметрі 50 мм-ден 2000 мм-ге дейін 600 м-ге дейін ұзындықта құбырларды тексеруге мүмкіндік береді.

3.2 Құбырларды телеинспекциялау құбырдың бөлек учаскесін санациялау және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары бойынша жұмыстар кешенінің өндірісі басталғанға дейін де (құбырдың жағдайын бағалау), кейін де (құбырды санациялау және жөндеу жұмыстарын атқару сапасын бақылау) орындалуы мүмкін.

3.3 Жұмыс өндірісінің шарттары мен ерекшеліктері:

- құбырларды телеинспекциялау жұмыстары осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес атқарылуы қажет;

- жұмыс орындарының жарықтануы 12.1.046 МСТ сәйкес болуы қажет;

- құбырларды телеинспекциялау жұмыстарын атқарған кезде температуралық-ылғалдылық режімі 3.05.04 ҚНжЕ, қолданылатын жабдықты пайдалану бойынша паспорты мен нұсқаулығына сәйкес қабылданады.

3.4 Осы технологиялық картада қарастырылатын құбырларды телеинспекциялау бойынша жұмыстардың құрамына мыналар кіреді:

а) даярлық жұмыстары

б) негізгі және қосалқы жұмыстар:

- роботты-техникалық кешенді жұмысқа даярлау;

- роботты-техникалық кешеннің көмегімен құбырды телеинспекциялау;

- роботты-техникалық кешенді бөлшектеу.

в) қорытынды жұмыстар.

3.5 Осы технологиялық картада қарастырылмайды:

- бітеуіштерді орнату мен құбырды жуу;

- құбырды жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының кешені;

- құбырды сынау.

3.6 Технологиялық карта 1.03-05 ҚР ҚНжЕ, 1.03-06 ҚР ҚНжЕ, қолданылатын машиналар мен механизмдердің паспорттарының және осы технологиялық картаның 2.3. тармағының талаптарын сақтай отырып бір-екі ауысыммен жұмыстарды атқаруды алдын-ала қарастырған.

3.7 Технологиялық картаны нақты бір объектіге бекіткен жағдайда жұмыстың құрамын, механизация құралдарын, еңбек және материалдық-техникалық ресурстардың қажеттілігін нақтылау қажет, сапасын бақылау, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау бойынша іс-шараларды түзету қажет.

4 Қолданылатын машиналар мен механизмдердің сипаттамалары

4.1 Құбырларды телеинспекциялау жұмыстары мынадай негізгі элементтерден тұратын «Riso» тұрпатты роботты-техникалық кешеннің көмегімен атқарылады:

- басқару бекеттері;

- роботпен бірге өзі жүретін арба;

- қуат көзі және телевизиялық кәбілдері бар барабандар.

Роботты-техникалық кешеннің сыртқы түрі 1-суретте көрсетілген.



1-сурет – Роботты-техникалық кешеннің сыртқы түрі

Роботты-техникалық кешенді басқару бекеті – бұл орталық процессордан, ақпаратты енгізу құрылғысынан (ноутбук немесе стационарлы клавиатура), ақпаратты шығару құрылғысынан (монитор, принтер) және қашықтықтан басқаратын тетіктен тұратын компьютерленген жабдық.

Роботпен бірге өзі жүретін арба төрт дөңгелекке жетектелетін камера мен жарықтандыратын шаммен жабдықталған толығымен басқарылатын механизм болып табылады. Атқарылуына және өтінілген жасақталуына байланысты арба көтергіш құрылғымен, қосымша дөңгелектермен, жарықтандыру элементтерімен және т.б. қоса жасақталуы мүмкін.

Өзі жүретін арба басқару бекетімен барабанға оратылған қуат көзі және телевизиялық кәбілдерінің көмегімен байланысады. Жасақталуына байланысты барабандар қолмен де, механизирленген де жолмен беру түрі болуы мүмкін, қосымша кәбілдің ұзындығын санаушымен, қашықтықтан басқарумен, кәбілдерді берудің синхрондалған механизмімен, сақтандыру арқандарымен және т.б. жабдықталған.

4.2 Құбырлардың телеинспекциясы бойынша атқарылатын жұмыстардың ықшамдылығы және мобильділігі үшін роботты-техникалық кешеннің барлық жабдықтары «Бычок» ГАЗ-2705 тұрпатты автофургонның, «Спринтер» 313CDI Мерседес-Бенц немесе басқа да баламалардың базасында монтаждалады. Автофургонның жүк-жолаушы бөлігі екі бөлімге бөлінеді: оператордың бөлімі және телеинспекциялық жабдықтың артқы бөлімі.

Бөлімдердің сыртқы түрлері 2-суретте және 3-суретте сәйкесінше көрсетілген.



2-сурет – Оператордың бөлімінің сыртқы түрі



3-сурет – Телеинспекциялық жабдықтың артқы бөлімінің сыртқы түрі

4.3 Құбырлар мен су айыратын құдықтардың инспекцияланатын учаскелерінде жұмыстарды атқару процесінде ағынды сулардың деңгейін төмендету үшін мынадай негізгі техникалық сипаттамалары бар автономиялық сорғыш қолданылады:

- сорғыштың өндірімділігі 46 м³/сағ;
- козғалтқыштың қуаты 3,7 кВт;
- көтерудің ең жоғарғы биіктігі 30 м;
- жинаудың ең жоғарғы биіктігі 7,6 м;
- салмағы 55 кг.

Автономиялық сорғыштың сыртқы түрі 4-суретте көрсетілген.



4-сурет – Автономиялық сорғыштың сыртқы түрі

4.4 Роботты-техникалық кешенді электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін мынадай негізгі техникалық сипаттамалары бар жылжымалы электр станциясы қолданылады:

- электр станциясының қуаттылығы 2,1 кВА;
- қозғалтқыштың қуаты 3,2 кВт;
- өндіретін кернеуі 230 В;
- салмағы 43 кг.

Жылжымалы электр станциясының сыртқы түрі 5-суретте көрсетілген.



5-сурет – Жылжымалы электр станциясының сыртқы түрі

5 Жұмыстардың өндірісінің ұйымдастырылуы мен технологиясы

5.1 Жұмыстардың өндірісінің ұйымдастырылуы

5.1.1 Құбырларды телеинспекциялау бойынша жұмыстардың өндірісінің ұйымдастырылуын жобалық құжаттаманың, 1.03-06 ҚР ҚНЖЕ, ППР және осы технологиялық картаның талаптарымен сәйкес атқару қажет.

5.1.2 Жұмыстардың өндірісінің басталғанына дейін қажет:

- жұмыстың жауапты атқарушысын тағайындау;
- құбырды пайдаланатын ұйымның жауапты өкілдерін шақырып инженерлік желілердің қорғау аймағында құрылыс-монтаждық жұмыстарды атқару үшін рұқсат-жүктелімді алу;

- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау, электр, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау сұрақтары бойынша нұсқаулықтарды тіркеу журналына қол қойғызу арқылы жұмысшыларға нұсқаулықтар өткізу;

- осы технологиялық картамен жұмысшы персоналды таныстыру;

- жұмысшылар мен қызметкерлерді қажетті машиналармен, механизмдермен, саймандармен, мұкамалдармен, құрылғылармен, жабдықтармен, арнайы киіммен, аяқ киіммен, қорғайтын каскалармен, респираторлармен, противогазбен және басқа да жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету;

- жұмыс атқарылатын учаскелер мен жұмыс орындарын 1.03-06 ҚР ҚНЖЕ және ППР талаптарына сәйкес ұйымдастыруды атқару (жұмыс учаскелерін қоршау; құрылыс машиналары мен механизмдерін орнықтыру үшін алаңдар дайындау; материалдар мен бұйымдарды қоймалау алаңдарын дайындау және басқалар);

- қарау құдықтарында улы газдардың қосылымын төмендету бойынша іс-шараларды атқару (желдету, ағынды ауа желдетпесі);

- жұмыс өндірісінің қауіпті зонасының периметрі бойынша белгі беретін қоршауларды орнату (23407 МСТ бойынша);

- жұмыс учаскелерін уақытша электр жабдықпен және жарықпен қамтамасыз ету (12.1.046 МСТ бойынша);

- машиналардың, механизмдердің және қол электрифицирленген құралдарының жарамдығын тексеру.

5.1.3 Құбырды телевизиялық инспекциялық тексеру бойынша жұмыстарын мынадай құрамды бригада атқарады:

- роботты-техникалық кешеннің 7-разрядты операторы (Кo) – 1 адам;


- роботты-техникалық кешеннің 5-разрядты операторының көмекшісі (Ок) – 1 адам;

- апатты-қалпына келтіру жұмыстарының (АҚЖ) 3-разрядты темір ұстасы (Т1, Т2, Т3) – 3 адам.

Электр саймандары және электр жабдықтармен жұмыс істеушілерде электр қауіпсіздігі бойынша 1-біліктілік тобы болуы қажет.

Ішкі жанғыш қозғалтқышы бар қуаттылығы 37 кВт дейінгі жылжымалы электр станциясына қызмет көрсету үшін жұмыстар кешенінде 4-разрядты жалпы құрылыстық машиналардың машинисі (электр станциясының машинисі) (Эм) қатысады – 1 адам.

5.1.4 Құбырлардың телеинспекциясы бойынша жұмыстарды атқару кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы 6-суретте көрсетілген.



- 1 – инспекцияланатын құбыр;
- 2 – роботпен бірге өзі жүретін арба;
- 3 – жүкарба (таль);
- 4 – қуат көзі бар кәбілді дабыл;
- 5 – автофургон;
- 6 – автономиялық сорғыш;
- 7 – телевизиялық кәбілді дабыл;
- 8 – жылжымалы электр станциясы;
- 9 – басқару бекетінің жабдығы;

Ко,Ок, Эм, Т1, Т2,Т3 – жұмысшылар мен машинистердің орналасу орны

6 сурет - Құбырлардың телеинспекциясы бойынша жұмыстарды атқару кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы

5.2 Жұмыс өндірісінің технологиясы

5.2.1 Даярлық жұмыстары

Техникалық персоналдан нұсқаулар алғаннан кейін, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтарды өткеннен кейін, жобалық құжаттамамен, ППР және осы технологиялық картамен танысқаннан кейін жұмысшылар қажетті саймандарды, құрылғыларды, материалдарды алады, механизмдердің жасақталуы мен жарамдылығын тексереді.

Құбырды телевизиялық тексеру көршілес қарау құдықтарының арасында бөлек бөлінген учаскелер бойынша атқарылады.

Жұмыстарды бастаудың алдында тексеруге жататын құбыр учаскесін қарауға дайындау қажет (кәріздік желінің құдықтарын газдың бар-жоқтығына тексеру, құдықтарды көзбен қарауды атқару, естіртпейтін құрылғыларды орнату және т.б.).

5.2.2 Негізгі және қосалқы жұмыстар

Құбырды телевизиялық инспекциялық тексеру бойынша жұмыстары мынадай технологиялық жүйелілікпен атқарылады:

- роботты-техникалық кешенді жұмысқа даярлау. Автофургон құбырға роботпен бірге өзі жүретін арбаның енгізілетін орынға тікелей жақындыққа (қарау құдығы) орнатылады және жабдықты түсіру атқарылады. Автофургонды жайғастыруды ППР

талаптарына сәйкес атқару қажет. Роботты-техникалық кешеннің барлық негізгі және қосалқы құрамдары қолмен түсіріледі. Жылжымалы электр станциясының электрлі кәбілдері басқару бекеті мен барабанға (жұқарбаға) қосылады. Барабандардың қуат көзі мен телевизиялық кәбілдері роботпен бірге өзі жүретін арбаға қосылады. Қарау құдығынан суды сорып алу қажет болса автономиялық сорғыш орнатылады. Ағызу нүктелерін алдын ала келісіп алып, суды жақын маңда қолданылатын кәріздік құдықтарға ағызу қажет. Жылжымалы электр станциясына жанармай құйылады және роботты-техникалық кешеннің жабдығының сынамалы жіберілуі (тестілеу) атқарылады. Бастайтын құдыққа өзі жүретін арбаны түсіруді жұқарбаның көмегімен атқару қажет. Орындалуына байланысты автофургонның рамасына монтаждалған электрлі немесе қолмен іске келтірілетін немесе стационарлы жұқарба болуы мүмкін. Арбаны арқандау жабдықтың осы түрін монтаждау мен пайдалану бойынша нұсқау талаптарына сәйкес арнайы тесіктер (рым-болттар) арқылы тоқымалық арқандар арқылы жасалады. Бастапқы жағдайға арбаны түсіргеннен және орнатқаннан кейін барабандардан кезектеп қуат көзі және телевизиялық кәбілдері беріледі және роботтың сәйкес ұяларына қосылады. Роботпен бірге өзі жүретін арбаны оған қосылған кәбілдер арқылы түсіруге тыйым салынады. Кәбілдердің аса бүгілетін орындарында қорғаушы құрылғыларды орнату (монтаждау) қажет – кәбілдердің қабықтарын механикалық зақымдалудан қорғайтын блоктар немесе бағыттайтын астаушалар;

- роботты-техникалық кешеннің көмегімен құбырларды телеинспекциялау. Құбырларды телеинспекциялау бір уақытта нәтижелерді жазып алу арқылы атқарылады (сандық немесе баспа түрлерінде). Инспекцияланатын құбыр бойынша роботпен бірге өзі жүретін арбаның қозғалуы автофургонның оператор бөлімінде орналасқан қашықтықта басқару тетігі арқылы бір уақытта видеодабылдың мониторда көрсетілуімен атқарылады. Құбырдың телеинспекциясы бойынша атқарылып жатқан жұмыс процесінде көрінетін ақпараттың мысалы (бағдарламалық жабдықталуға байланысты) 7-суретте көрсетілген.

а)



б)



в)



- а – басқару бекетінің мониториянда бейнеленетін роботтың бейнекамерасындағы деректер;
- б – параметрлерді өзгерту диаграммасының мысалы;
- в – қағазда көрсетілетін есептің мысалы

7 сурет – Құбырдың телеинспекциясы бойынша атқарылып жатқан жұмыс процесінде көрінетін ақпараттың мысалы (бағдарламалық жабдықталуға байланысты)

Телеинспекция процесінде әрі құбырдың ішкі қабырғаларының жағдайын көзбен жалпы қарауды, әрі оның жергілікті учаскелерін толық тексеруді атқаруға болады;

- роботты-техникалық кешенді бөлшектеу. Құбырдың инспекцияланатын учаскесін роботпен бірге өзі жүретін арбаның өткенінен кейін қабылдайтын құдыққа құбырдың шығатын жерінен қабылдап алады, кәбілдерден айырады және беткейге жүкарбаның көмегімен береді. Кәбілдерді бір мезгілде батпақ пен тұнбадан тазарта отырып барабандарға орайды. Жабдық жылжымалы электр станциясынан ажыратылып, автофургонның артқы бөлімінің арнайы тағайындалған орындарына жинақталады.

5.2.3 Қорытынды жұмыстар

Құбырдың учаскесін телеинспекциялау жұмыстарын атқарғаннан кейін мынадай жұмыстарды атқару қажет:

- машиналар мен механизмдердің жұмыс құралдарын, жабдықтар мен саймандарды жабысқан топырақтан тазарту;
- машиналар мен механизмдерді келесі жұмыс атқарылатын орынға ауыстыруға (көшіру) даярлау.

Ауысымның соңында жұмыс орындарын жинастыруды атқарып және жауапты тұлғаға қоймаға сайман мен материалдардың қалдықтарын беру қажет. Арнайы тағайындалған алаңдарға қайтадан базалануға жатпайтын машиналар мен механизмдерді материалдық жауапты тұлғаға қорғауға беру қажет.

Материалдарды, саймандарды және басқа мүқаммалдарды жұмыс орнында қалдыруға тыйым салынады.

5.3 Жұмыс аяқталғаннан кейін сандық тасымалдағышқа (CD немесе USB флешжады) жазылған видеоақпараттан, сондай-ақ міндетті түрде телеинспекция бойынша маманның сараптамалық қорытындысының қағаздағы тасымалдағышынан тұратын телеинспекцияны өткізудің нәтижелері бойынша есеп жасалуы қажет.

5.4 Қысқы жағдайда жұмыстардың өндірісі

Құбырлардың телеинспекциясы бойынша жұмыстар қысқы жағдайда жасалуы мүмкін болатындықтан, қолданылатын жабдықтарды пайдалану бойынша паспорттар мен нұсқаулардың талаптарын ұстану қажет.

Жұмыс орындары мен оларға өтетін жолдар (оның ішінде сатылар мен басқыштар) қыраудан, қардан, мұздан тазартылуы қажет.

Сырттағы ауа 0°С төмен температура кезінде жұмысшылар жұмыс кезінде олардың қозғалыстарын қыспайтын жылы әрі ыңғайлы киім киюлері қажет.

5.5 Құбырлардың телеинспекциясы бойынша операциялық карта 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Құбырлардың телеинспекциясы бойынша операциялық карта

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыздандыру құралдары (технологиялық жабдық, сайман, мұкаммал, құралдар), машиналар, механизмдер, жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
Даярлық жұмыстары			
Нұсқаулық, құжаттамамен танысу	-	Роботты-тех. кешеннің 7-разрядты операторы (Ко) – 1 адам, роботты-тех.кешеннің 5-разрядты операторының көмекшісі (Ок) – 1 адам, эл.станциясының 4-разрядты машинисі (Эм) – 1 адам; АҚЖ темір ұсталары (Т1, Т2, Т2) – 3 адам.	Жұмыстарды атқару алдында барлық жұмысшы бригадалар техникалық персоналдан нұсқаулар алады (жұмыс жобасымен, ППР, осы технологиялық картамен, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар), қажетті жарақтарды, материалдарды, саймандарды, жабдықтарды және құралдарды алады. Ко, Ок, Эм, Т1, Т2, Т3 өз жұмыс орындарын даярлауды атқарады (машиналар мен механизмдердің жұмысқа жарамдылықтарын тексереді, электрлік саймандарды қосады, құралдарды, мұкаммалдарды және қол темір ұсталық саймандарды қарайды, тексереді және дайындайды)
Негізгі және қосалқы жұмыстар			
Роботты-техникалық кешенді жұмысқа даярлау	Автофургон, жинақталған роботы-техникалық кешен, жылжымалы электр станциясы, автономиялық сорғыш, жүкарба, арқан, гайкалық кілттердің жинағы	Ко, Ок, Эм, Т1, Т2, Т3	Ко автофургонды ППР бойынша орналастырады. Т1, Т2, Т3 жабдықтар мен мұкаммалды қолмен түсіреді (роботы-техникалық кешеннің құрамдауыштары, жылжымалы электр станциясы, автономиялық сорғыш, жүкарба, арқандар, резеңкемен армирленген қолғаптар, құралдар және т.б.). Ок өзі жүретін арбаға және роботқа кәбілді қосады және резеңкемен армирленген қолғаптарды автономиялық сорғыштық штуцерлеріне бекітеді.

1-кесте (жалғасы)

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыздандыру құралдары (технологиялық жабдық, сайман, мұкаммал, құралдар), машиналар, механизмдер, жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
			<p>Эм жылжымалы электр станциясын қосады. Оқ басқару бекеті мен тоқ көздеріне кәбілдерді қосады. Ко компьютерленген жабдықты қосады. Ко, Оқ, Т1, Т2, Т3 және Эм роботы-техникалық кешенді сынамалы жіберуді жасайды. Т2 өзі жүретін арбаны кәбілден ажыратады да бастапқы қарау құдығына түседі. Оқ өзі жүретін арбаға арқанды бекітеді де жүкарбаның көмегімен оны құдыққа түсіреді. Т2 арбаны қабылдап алып, арқанды шешеді. Оқ жүкарбамен арқанды көтереді де барабанды айналдырып құдыққа кәбілдерді береді, Т2 кәбілдерді қабылдап алады да, оларды роботпен бірге арбаға қосады. Т2 құдықтан беткейге шығады. Қажет болса Т1 мен Т3 қорғаушы бағыттағыш астаушалар мен блоктардың құрылғысын атқарады. Қарау құдығындағы жұмыстар міндетті түрде Т1 мен Т3 сақтандыруы арқылы атқарылуы қажет.</p>
Роботты-техникалық кешеннің көмегімен құбырды телеинспекциялау	Жинақталған роботы-техникалық кешен, жылжымалы электр станциясы, автономиялық сорғыш	Ко, Оқ, Эм, Т1, Т2, Т3	<p>Ко басқару бекетінен роботпен бірге өзі жүретін арбаның қозғалысын басқара отырып, бір мезгілде компьютерленген жабдықта қараудың деректерін бекітумен қатар құбырдың ішкі қабырғаларын қарауды атқарады. Оқ қуат көзі және телевизиялық кәбілдердің барабандарының бірлескен жұмысын бақылайды. Эм автономиялық сорғышқа және жылжымалы электр станциясына қызмет көрсетеді. Т1 құдықта қызмет көрсетеді. Қарау құдығындағы жұмыстар міндетті түрде Т1 мен Т3 сақтандыруы арқылы атқарылуы қажет.</p>

1-кесте (жалғасы)

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыздандыру құралдары (технологиялық жабдық, сайман, мұкаммал, құралдар), машиналар, механизмдер, жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
Роботы-техникалық кешенді бөлшектеу	Автофургон, жинақталған роботы-техникалық кешен, жылжымалы электр станциясы, автономиялық сорғыш, жүкарба, арқан, гайкалық кілттердің жинағы, щеткалар, шүберектер	Ко, Ок, Эм, Т1, Т2, Т3	Т2 қабылдап алатын құдыққа түседі, роботпен бірге өзі жүретін арбаны қабылдап алып, одан кәбілдерді ажыратады. Т3 жүкарбаның көмегімен құдыққа арқанды түсіреді. Т2 арбаға стропты бекітеді, ал Т3 жүкарбаның көмегімен оны беткейге көтереді. Ок щетканың немесе шүберектің көмегімен батпақ пен тұнбадан тазарта отырып, кәбілдерді барабанға орайды.
			Ко, Ок, Эм, Т1, Т2, Т3 барлық жабдықтарды бөлшектейді (жинақтаудан кері жүйелілікпен) және барлық элементтерді автофургонның артқы бөліміне жинақтайды.
Қорытынды жұмыстар			
Жұмыстардың аяқталуы мен жұмыс орындарын жинастыру	Щеткалар, шүберектер, суға арналған сыйымдылық	Ко, Ок, Эм, Т1, Т2, Т3	Барлық жұмысшы бригадалар машиналар мен механизмдердің жұмыс құралдарын судың, щеткалардың және шүберектің көмегімен жабысқан топырақ пен тұнбадан тазартады, өз жұмыс орындарын тәртіпке келтіреді және келесі жұмыстардың атқарылатын орнына жабдықты көшіруге даярлайды. Ко телеинспекцияның нәтижелері бойынша есеп жасайды

6 Материалды-техникалық ресурстардың қажеттілігі

6.1 Құбырларды телеинспекциялау бойынша жұмыстарды атқарған кезде қажетті материалдар мен бұйымдардың ведомості 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте - Құбырларды телеинспекциялау бойынша жұмыстарды атқарған кезде қажетті материалдар мен бұйымдардың ведомості

Жұмыс көлемі – құбырдың 100 м

р/с №	Материалдың, бұйымның атауы	НҚ атауы мен белгіленуі	Өлшем бірлігі	Саны
1	Су (жабдықты тазарту үшін)	23732 МСТ	л	50,0
2	Мақта-маталы шүберек	-	кг	0,1

6.2 Құбырларды телеинспекциялау кезінде қолданылатын машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың, технологиялық жабдықтардың, сайманның, мүкамалдың және құралдардың тізімі 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте - Машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың, технологиялық жабдықтардың, сайманның, мүкамалдың және құралдардың тізімі

Тізбекке – 4 адам

р/с №	Атауы	Тағайындалуы	Негізгі техникалық сипаттамасы	Тізбекке (бригадаға) саны, дана
1	Салмақ түсетін рамадағы жүкарбасы бар автофургон	Жабдықты жылжыту	Салмағы 3,5 т Жүкарбаның ж/к=0,5 т	1
2	Роботты-техникалық кешен	Құбырлардың телеинспекция-сы	Ø _{тр.} =50 мм - 2000 мм L _{max} = 600 м	1
3	Жылжымалы электр станциясы	Жұмыс орындарын электр энергиясымен қамтамасыз ету	P _э = 2,1 кВА P _д =3,2 кВт	1
4	Автономиялық сорғыш	Құдықтар мен құбырларда суды төмендету	P _д =3,7 кВт p=46 м ³ /ч	1
5	Гайкалық кілттер	Қолғаптар мен кәбілдерді бекіту	Кернейлік (қармақтық)	1 жиын
6	Тоқымалық арқан	Өзі жүретін арбаны темір арқандау	ж/к=500 кг	1
7	Саты	Қарау құдығына түсу-көтерілу	Биіктігі - ППР бойынша	2
8	Щетка	Батпақ пен тұнбадан тазарту	-	2
9	Шелек	Суға арналған сыйымдылық	V=10 л	2
10	Комбинезон	Жеке қорғану құралы	-	4

3-кесте (жалғасы)

Тізбекке – 4 адам

р/с №	Атауы	Тағайындалуы	Негізгі техникалық сипаттамасы	Тізбекке (бригадаға) саны, дана
11	Резеңке етіктер	Жеке қорғану құралы	-	4 жұп
12	Қолғаптар	Жеке қорғану құралы	-	4 жұп
13	Монтаждау каскасы	Жеке қорғану құралы	-	4
14	Респиратор	Жеке қорғану құралы	-	1
15	Сақтандыру жібі	Жеке қорғану құралы	Ø12 мм, L=20 м	2
16	Уақытша қоршаулар	Ұжымдық қорғану құралы	-	ППР бойынша
17	Қауіпсіздік белгілері	Қауіпті зоналарды белгілеу	-	ППР бойынша
18	Дәрі қобдишасы	Жарақат алған кездегі алғашқы көмек	-	1

7 Жұмыстың сапасына қойылатын талаптар

Құбырларды телеинспекциялау бойынша жұмыстардың атқарылуы кезінде технологиялық процестерді бақылау картасы 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте – Технологиялық процестерді бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынауды таңдау)	Бақылаудың кезеңділігі	Бақылауды немесе сынауды өткізуді орындаушы	Бақылау тәсілі, НҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылаудың нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Белгіленетін мағына	Шекті ауытқу					Түрі, маркасы, НҚ белгіленуі	Өлшеулердің диапазоны, ағаттық, дәлдік классы	
Кірістік бақылау										
Роботты-техникалық кешенді жинастырудың дұрыстығы	Жинақталған роботты-техникалық кешен	Даярлаушы-зауыттың нұсқаулары бойынша	-	Жұмыстың атқарылатын учаскесі	Жаппай	Шебер (прораб)	Көзбен шолу	Даярлаушы-зауыттың нұсқаулықтары	-	Кірістік бақылау журналы
Операциялық бақылау										
Құбырдың кемістіктерін қарау және белгілеу	Құбырдың ішкі қабырғалары	Барлық көрінетін кемістік-тер	-	Инспекция-ланатын құбырдың учаскесі	Сол	Сол	Сол	Компьютерленген жабдықтың экранында көрсетілген деректер бойынша	-	Жұмыс өндірісінің журналы

4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынауды таңдау)	Бақылаудың кезеңділігі	Бақылауды немесе сынауды өткізуді орындаушы	Бақылау тәсілі, НҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылаудың нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Белгіленетін мағына	Шекті ауытқу					Түрі, маркасы, НҚ белгіленуі	Өлшеулердің диапазоны, ағаттық, дәлдік классы	
Қабылдау бақылауы										
Құбырдың телеинспекциясы	Құбырдың ішкі қабырғасының жағдайы туралы ресімделген есеп	Толық деректердің болуы	-	Инспекцияланатын құбырдың учаскесі	-«-	Қабылдау комиссиясы	-«-	Сандық және қағаз тасымалдағыштардағы ақпарат (flesh-карталар, дискілер, қағаз бланктер)		Жұмысты қабылдау акті, есеп

8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау

8.1 Құбырларды телеинспекциялау жұмыстарын 1.03-05 ҚР ҚНЖЕ, 12.1.004 МСТ, 12.1.013 МСТ, ҚР ӨҚЕ, ЭОҚ, қолданылатын жабдықты пайдалану бойынша паспорттар мен нұсқаулықтардың, ППР және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес атқару қажет.

8.2 Жұмыстың қауіпсіз өндірісі үшін жетекшілер мынадай ұйымдастыру іс-шараларын атқарулары қажет:

- жұмыстың қауіпсіз өткізілуіне жауапты тұлғаларды тағайындау;
- жұмыс орындарын даярлау;
- жұмыстың орындалуын қадағалауды қамтамасыз ету, оның ішінде құрылыс алаңында (жұмыс орындарында) бөтен тұлғалардың болуына жол бермеу.

8.3 Құбырларды телеинспекциялау жұмыстарының өндірісіне 18 жастан жас емес, медициналық қараудан өткен, еңбектің қауіпсіз тәсілдерін үйренген, олар бойынша емтихан тапсырған және куәліктері бар тұлғалар жіберіледі. Оқуды өтпеген тұлғалар өз бетімен жұмыс істеуге жіберілмейді.

Өз бетімен жұмыс істеу тәжірибесі жоқ жұмысшы бес ауысымнан кем емес шебердің немесе бекітілген тәжірибелі жұмысшылардың қадағалауымен тағылымдамадан өтуі қажет, сосын барып өз бетімен жұмыс істеуге жіберіледі.

8.4 Құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға 18 жастан жас емес жастағы, кәсібі бойынша арнайы оқытылған, емтихан тапсырған, белгіленген үлгідегі куәлігі бар және қол қою арқылы тікелей жұмыс орнында жұмыстың қауіпсіз өндірісі бойынша нұсқаулықтан өткен тұлғалар жіберіледі.

Жұмысшылар қолдануға үйретілмеген машиналарды, механизмдерді, сайманды, құралдарды және мүкамалды пайдалануға рұқсат етілмейді.

8.5 Қолданыстағы инженерлік желілердің қорғалатын зонасында жұмыстарды орындауды бастаудың алдында белгіленген нысан бойынша рұқсат-жүктелімді тиісті тәртіппен алып ресімдеу қажет.

8.6 Жұмысшыларға жұмысқа жіберу алдында 12.4.011 МСТ талаптарына сәйкес арнайы киім, аяқ киім, қолғаптар, құрылыс каскалары, респираторлар және басқа жеке қорғану құралдары (ЖҚҚ) берілуі қажет. Жұмысшы персоналға берілетін ЖҚҚ еңбектің нақты санитарлық-гигиеналық жағдайларына жауап берулері қажет.

8.7 Жұмыс өндірісінің уақытына ППР сәйкес жұмыстың атқарылатын учаскесін бөлу, қауіпті зонаның шекараларын белгілеу қажет (23407 МСТ талаптарын қанағаттандыратын мүкамалдық қоршауларды қою, қауіпсіздік белгілері мен жазбаларын іліп қою).

Жұмыстың атқарылатын зонасына тікелей жұмыс өндірісімен айналыспайтын бөтен тұлғалардың жіберілуіне рұқсат етілмейді.

8.8 Жұмыс орындарын жарықтандыру біркелкі болуы қажет және 12.1.046 МСТ талаптарына сәйкес орындалуы қажет.

8.9 Жұмыс өндірісінің орындарына (қарау құдықтарына) түсу-көтерілу үшін мүкамалдық сатыларды қолдану қажет.

8.10 Жұмыстардың атқарылатын учаскелерінде жұмыс орындарынан беткейлік суларды әкету бойынша іс-шаралар алдын ала қарастырылуы қажет.

8.11 Қауіпсіздік талаптарының табылған бұзушылықтары жұмыстың басталуының алдында өз күштерімен жойылуы қажет, мүмкін емес жағдайда – жұмысшы олар туралы жұмыстың жауапты жетекшісіне хабарлауға міндетті.

8.12 Жұмыстың қауіпсіз өндірісіне жауапты тұлға міндетті:

- жұмысшыларды оқытуды, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт және электр қауіпсіздігі бойынша журналға қол қойғызу арқылы білімдерін тексеруді өткізуге;

- алкогольді, есірткілік немесе улы затпен мастық жағдайындағы адамдарды жұмысқа жібермеуге немесе аластатуға;

- жұмыстың басталуының алдында құрылымдық бөлімшенің әрбір жұмысшысында ЖҚҚ бар болуы мен жарамдылығын тексеруге және жұмысты атқару процесінде қолданыстағы НҚА мен НТҚ талаптарына сәйкес жұмысшылардың ЖҚҚ қатаң тағайындалғаны бойынша қолдануын бақылауды жүзеге асыруды.

8.13 Құбырларды телеинспекциялау жұмыстарын атқарған кезде алдындағы операция келесіні атқарған кезде өндірістік қауіп көзі болмауы үшін өндірістік операциялардың технологиялық жүйелілігін қарастыру қажет.

8.14 Жүк көтергіш машиналарды қолдану арқылы тиеу-түсіру жұмыстарын 12.3.009 МСТ талаптарына сәйкес және мынадай қағидаларды орындау арқылы атқару қажет:

- тиеу-түсіру жұмыстары өндірілетін орындар мен оларға әкелетін жолдар қажетті ұжымдық қорғану құралдарымен және қауіпсіздік белгілерімен жабдықталулары қажет, тазалықта ұсталулары және материалдармен, саймандармен және т.б. үйілмеулері қажет;

- жүк көтеретін машиналар (механизмдер), жүкті қармайтын құрылғылар, құралдар мен ыдыстар мемлекеттік стандарттарды немесе олардағы техникалық жағдайларды, сондай-ақ монтаж бен пайдалану бойынша паспорттар мен нұсқаулықтарды қанағаттандырулары қажет;

- жүктерді демеуші беткейдің 20-30 см-де қабылдау қажет, ал оларды арқаннан босатуды бұған арнайы тағайындалған орындарда (алаңдарда) тек сенімді бекіткеннен кейін ғана өткізу қажет;

- жұмыс орындарында жабдықтарды орналастырған кезде өз бетінше сырғанауға (кұлауға) қарсы, сонымен қатар желдің әсеріне қарсы шараларды қабылдау қажет.

8.15 Роботты-техникалық кешенді және компьютерленген жабдықты жинастыру бойынша жұмыстары сәйкес тұлғаның (жұмыстың жетекшісінің, механиктің, шебердің және т.б.) жетекшілігімен даярлаушы-зауыттың нұсқаулықтары мен паспорттарының талаптарына сәйкес атқарылуы тиіс.

8.16 Әрбір ауысымның басталуына дейін машинис (оператор) жұмыс орнының қауіпсіздігіне көз жеткізуге тиіс, қорғайтын және сақтандыратын құрылғылардың, сигнал беретін аспаптардың, түймелердің және басқару тұтқыштарының жарамдылығын тексеру.

Қарау, майлау, тазалау немесе қандай да бір жарамсыздықты жоюды бастау алдында машинаның (механизмнің) қозғалтқышы сөніп тұруы тиіс.

8.17 Жұмыс орындарындағы электр қауіпсіздігі 12.1.013 МСТ, ЭОҚ және электрленген жабдықтар мен сайманның даярлаушы зауытының нұсқаулығының талаптарына сәйкес қамтамасыз етілуі тиіс.

8.18 Қолдың темір ұсталық-монтаждық сайманы 10 күннің ішінде бір реттен кем емес қаралуы тиіс. Сондай-ақ тікелей қолдану алдында. Жарамсыз сайман алынып тасталуы тиіс.

Тесіктерді келістіру жұмыстарын атқару процесінде және монтаждалатын элементтерде олардың түйісуін тексеруді арнайы саймандарды (конусты ілдіріктер, жинақтайтын тығындар) қолдану арқылы жүзеге асыру қажет. Монтаждалатын элементтерде тесіктердің қиыстырылуын қолдың саусақтарымен тексеруге рұқсат етілмейді.

Жұмыстың үзілісі кезінде жұмыс орындарында жатқан құралдар, саймандар, материалдар және басқа да ұсақ заттар бекітілулері немесе алып тасталуы тиіс.

8.19 Құбырларды телеинспекциялау жұмыстарын атқарған кезде жұмыс орындарын қауіпсіз ұйымдастыру схемасы 8-суретте көрсетілген.

8.20 Қоршаған ортаны қорғау

Құрылыс өндірісін ұйымдастыру кезінде қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларды жүзеге асыру қажет. Жұмыстардың атқарылу процесінде қоршаған ортаға зиян келтірілмеуі тиіс және экологиялық жағдай нашарламауы тиіс.

Құбырларды телеинспекциялау жұмыстарын атқарған кезде қоршаған ортаның ластануының алдын алатын және жоятын іс-шаралар, сондай-ақ өндіріс қалдықтарын орналастыру тәсілдерін қарастыру қажет, қоршаған ортаны қорғауға әсер ететін ресурстарды сақтайтын, аз қалдықты, қалдықсыз және басқа да прогрессивтік технологиялар қолданылуы тиіс.

Аталған іс-шаралар мен жұмыстар жобалық-сметалық құжаттамада қарастырылуы тиіс.


Жұмыстарды атқарған кезде қолданыстағы НҚА мен НТҚ сәйкес қалдықтардың жинау мен пайдаға асыруды ұйымдастыру қажет.

Апатты қоқыстарды жасауға тыйым салынады.

Ұйымның басшылары міндетті:

- қоршаған ортаны қорғау саласында қолданыстағы заңнаманың, нормалардың нұсқаулықтардың, бұйрықтардың, нұсқаулардың сақталуын жүйелі бақылауды жүзеге асыруға;

- қоршаған ортаны қорғау бойынша сұрақтарды барлық санаттағы жұмысшылар мен қызметкерлерді оқыту бағдарламаларына қосып, бұл оқуды өткізуді ұйымдастыруға.



- 1 – инспекцияланатын құбыр;
- 2 – роботпен бірге өзі жүретін арба;
- 3 – жүкарба (таль);
- 4 – қуат көзі бар кәбілді дабыл;
- 5 – автофургон;
- 6 – автономиялық сорғыш;
- 7 – телевизиялық кәбілді дабыл;
- 8 – жылжымалы электр станциясы;
- 9 – басқару бекетінің жабдығы;

Кo,Ок, Эм, Т1, Т2,Т3 – жұмысшылар мен машинистердің орналасу орны

ЕСКЕРТУ Автомобиль жолдарында жұмыстарды атқарған кезде сақтандыратын жол белгілерін (белгі беруші) қоюлары қажет.

8-сурет - Құбырларды телеинспекциялау жұмыстарын атқарған кезде жұмыс орындарын қауіпсіз ұйымдастыру схемасы

9 Еңбек шығындарын калькуляциясы

9.1 Құбырларды телеинспекциялау бойынша еңбек шығындарының калькуляциялары Қазақстан Республикасының Астана қаласындағы «Жұбанов көшесінің бойындағы, Училищная көшесінің бұрышындағы Ø600 мм кәріздік коллектор» объектісінде еңбек шығынының хронометражына негізделіп құрылған.

9.2 Еңбек шығындары мына формула бойынша есептелді:

$$Ш = \frac{Ш_1}{60} \cdot n,$$

мұнда Ш – еңбек шығындары, адам-сағатпен;

Ш₁ – нақты объектіде нормаланған жұмыстардың түрлеріне еңбек шығындары, минутпен;

n – нормалау кезінде жұмыс түрімен айналысатын жұмысшылардың саны.

9.3 Еңбек шығынының нормативтері ұзақтығы 8 сағат болатын ауысымның есебінен бір жұмысшыға келтірілген.

9.4 Технологиялық процестің ажырамайтын бөлігі болып табылатын ұсақ қосымша және даярлау операциялары жұмыс құрамында нормалармен ескерілген, бірақ ескертілмеген.

9.5 Мәжбүрлі технологиялық үзілістерге, жеке қажеттіліктеріне немесе демалысқа еңбек шығындары нормалармен ескерілген.

9.6 Тұрақты электр энергиясының көзі бар болған жағдайда жылжымалы электр станциясын пайдаланудың машиналық уақыты калькуляциядан алып тасталады.

9.7 Қолмен келтірілетін жүкарбаны қолданған кезде калькуляциядан электр жүкарбасын пайдаланудың машиналық уақыты алып тасталады.

**Құбырды санациядан кейін телевизиялық инспекциялық тексеру жөніндегі жұмыстар өндірісінің
№1 еңбек шығынының калькуляциясы
(роботты-техникалық кешенді жинақтау-бөлшектеу)**

Жұмыс көлемі – 1-процесс

р/с №	Өлшем бірлігі	Көлемі	Адам бірлігіне уақыт нормасы (маш.-с)	Адам көлеміне еңбек шығыны-с (маш.-с)
1	процесс	1,0	0,9 (0,2/0,2/0,04/0,2)	0,9 (0,2/0,2/0,07/0,2)
2	процесс	1,0	1,1 (0,25/0,13/0,13/0,25)	1,1 (0,25/0,13/0,13/0,25)
ЖИЫНЫ: (Роб.-тех.кешен, сорғыш/эл.жұқарба/электр станциясы)				2,0 адам.-с (0,45/0,33/0,2/ 0,45 маш.-с)

мұнда 2,0 адам.-с – еңбек шығыны;

0,45маш.-с – роботты-техникалық кешенді пайдалану;

0,33 маш.-с – өндірімділігі 46 м³/сағ автономиялық сорғышты пайдалану;

0,2 маш.-с – жүк көтергіштігі 0,5 т электр жұқарбасын пайдалану;

0,45маш.-с – қозғалтқышының қуаттылығы 3,2 кВт жылжымалы электр станциясын пайдалану.

**Құбырды санациядан кейін телевизионды инспекциялық тексеру бойынша жұмыстардың өндірісінің
№2 еңбек шығынының калькуляциясы
(құбырдың телеинспекциясы)**

Жұмыс көлемі – құбырдың 100 м

р/с №	Өлшем бірлігі	Көлемі	Адам бірлігіне уақыт нормасы-с (маш.-с)	Адам көлеміне еңбек шығыны-с (маш.-с)
1	100м	1	1,65 (0,55/0,55/0,55)	1,65 (0,55/0,55/0,55)
ЖИЫНЫ: (роб.кешен/электр станциясы/сорғыш)				1,65 адам.-с (0,55/0,55/0,07 маш.-с)

мұнда 1,65 адам.-с – еңбек шығыны;

0,55 маш.-с – роботты-техникалық кешенді пайдалану;

0,55 маш.-с – қозғалтқышының қуаттылығы 3,2 кВт жылжымалы электр станциясын пайдалану;

0,55 маш.-с – өндірімділігі 46 м³/сағ автономиялық сорғышты пайдалану.

Содержание

1 Область применения	27
2 Нормативные ссылки	27
3 Общие положения	28
4 Характеристики применяемых машин и механизмов	29
5 Организация и технология производства работ	32
6 Потребность в материально-технических ресурсах	41
7 Требования к качеству работ	43
8 Техника безопасности и охрана труда	44
9 Калькуляции затрат труда	48

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА ПРОИЗВОДСТВА РАБОТ ПО ТЕЛЕВИЗИОННОМУ ИНСПЕКЦИОННОМУ ОБСЛЕДОВАНИЮ ТРУБОПРОВОДА ПОСЛЕ САНАЦИИ

Дата введения 2012.05.01

1 Область применения

1.1 Технологическая карта производства работ по телевизионному инспекционному обследованию трубопровода после санации (далее по тексту – телеинспекция трубопроводов) разработана в соответствии с требованиями действующих нормативно-правовых актов (НПА) и нормативно-технических документов (НТД) и предназначена для применения на строительных объектах Республики Казахстан.

1.2 Технологическая карта предназначена для обеспечения строительства рациональными решениями по организации, технологии и механизации строительных работ.

